Қазақстан Республикасы Білім
және ғылым министрлігі Ғылым
комитеті төрағасының
2020 жылғы «30» сәуірдегі
№63-нж бұйрығымен бекітілген

**2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасы**

## 1. Жалпы ережелер

1. Конкурс Қазақстан Республикасының бағдарламалық құжаттарын іске асыруға бағытталған 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру (бұдан әрі – Конкурс) бойынша өткізіледі.

Конкурстың мақсаты -.ғылыми-зерттеу жұмыстарының деңгейін, ғылыми ұйымдардың және олардың ұжымдарының, ғалымдардың ғылыми-техникалық әлеуеті мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

2. 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттамасы (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) «Ғылым туралы» 2011 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 16 мамырдағы № 519 қаулысымен бекітілген Ұлттық ғылыми кеңестер туралы қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу қағидаларына сәйкес әзірленді.

3. Конкурстық құжаттаманы ғылым саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті (бұдан әрі – Ғылым комитеті) конкурсқа қатысуға өтінімдерді дайындау мақсатында әзірледі.

4. 2020-2022 жылдарға арналған қаржыландырудың жалпы сомасы – 18 500 млн.теңге, оның ішінде жылдар бойынша: 2020 жылы – 5 100 млн. теңге, 2021 жылы – 5 900 млн. теңге, 2022 жылы – 7 500 млн. теңге.

5. Зерттеудің түрі: іргелі және қолданбалы зерттеулер.

## 2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

| **Басым бағыттар** | **Мамандандырылған ғылыми бағыттар** |
|---|---|
| **1. Энергетика және машина жасау** | 1.1 Жылу және электр энергетикасы және энергетикалық сектордың қоршаған ортаға әсері, энергия үнемдеу; |
| | 1.2 Баламалы энергетика және технологиялар: жаңартылатын энергия көздері, ядролық және сутегі энергетикасы, басқа да энергия көздері; |
| | 1.3 Көліктік, ауылшаруашылық, мұнайгаз және тау-кен-металлургиялық машина жасау |
| **2. Табиғи ресурстарды, оның ішінде су ресурстарын** | 2.1 Химия ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер |
| | 2.2 Топырақ ғылымы саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер |

| | |
|---|---|
| **тиімді пайдалану, геология, қайта өңдеу, жаңа материалдар мен технологиялар, қауіпсіз бұйымдар мен құрылымдар** | 2.3 Пайдалы қазбалардың кен орындарын игеру және геология |
| | 2.4 Минералды шикізаттарды кешенді пайдалану |
| | 2.5 Су, топырақтық  және биологиялық ресурстарды басқару |
| | 2.6 Қоршаған орта объектілерін және «жасыл» технологияларын мониторингтеу |
| | 2.7 Көмірсутек шикізаттарын кешенді өңдеу |
| | 2.8 Композициялық материалдар |
| | 2.9 Наноматериалдар мен нанотехнологиялар |
| | 2.10 Биомедициналық материалдар мен биологиялық белсенді заттар |
| | 2.11 Табиғи шикізаттар пен техногендік қалдықтардың негізінде көп мақсатта қолданылатын жаңа материалдар |
| | 2.12 Өнеркәсіптік биотехнология |
| | 2.13 Металдар мен материалдарды өндіру және өңдеу |
| | 2.14 Пайдалы қазбалардың кен орындарын өндеу, барлау және іздеу жүйелері |
| | 2.15 Табиғи және техногендік кен шикізаттарын байыту, кешенді алу және қайта өндіру жүйелері. |
| | 2.16 Парниктік газдар шығарындыларының деңгейін төмендету |
| | 2.17 Баламалы энергия көздерін қолдану жүйелері |
| | 2.18 Қоршаған ортадағы геоақпараттық жүйелер |
| | 2.19 Өнімдер мен материалдар өндірісінің ақпараттық жүйелері |
| | 2.20 Каталитикалық жүйелер және технологиялар |
| | 2.21 Арнайы қасиеттері бар полимерлік материалдар |
| | 2.22 Сәулет, құрылыс технологиялары, материалдар мен конструкциялар |
| **3. Ақпараттық, телекоммуникациялық және ғарыштық технологиялар** | **3.1 Зияткерлік ақпараттық технологиялар** |
| | 3.1.1Басқару және шешімдерді қабылдау зияткерлік жүйелері (оның ішінде, нақты уақыт тәртібінде) |
| | 3.1.2 Сөйлеу технологиялары және компьютерлік лингвистика |
| | 3.1.3 Кескіндерді өңдеу және бейнелерді танып білу |
| | 3.1.4 Биоинформатика |
| | 3.1.5 Машиналық оқыту |
| | 3.1.6 Зияткерлік роботты техникалық жүйелер |
| | 3.1.7 Макроэкономикалық саясаттың, қор және қаржы нарығының зияткерлік ақпараттық технологиялары |
| | 3.1.8 Ғылыми және электрондық білім беру процестеріндегі смарт технологиялары |
| | 3.1.9 Индустрия үшін жаңа технологиялар негіздері: толықтырылған және Виртуалды шындық жүйелері, 3D-принтинг және басқа аддитивті өндірісі, Заттар интернеті |
| | 3.2 Телекоммуникациялық технологиялар |
| | 3.2.1 байланыс жүйелерінде, тарату желілерінде басқару және оңтайландыру деректер (оның ішінде мультисервистік платформалар: мобильді және ойын интернет технологиялары) |
| | 3.2.2 Телекоммуникациялық жүйелердегі технологиялар мен бағдарламалық-техникалық құралдар |
| | 3.2.4 Онлайн-сауда, цифрлық банкинг және басқа да цифрлық сервистер үшін ақпараттық-коммуникациялық жүйелер |
| | 3.2 **Ғарыштық технологиялар:** |

| | |
|---|---|
| | 3.3.1 Ғарыштық және геодинамикалық процестердің мониторингі және болжамы, табиғи ресурстар және Жерді қашықтықтан зондтау |
| | 3.3.2 Ғарыштық техника және жерүстілік-ғарыштық инфрақұрылымдар үшін аппараттық-бағдарламалық құралдар мен аспаптарды әзірлеу технологиялары |
| | 3.3.3 Алыс және жақын ғарышты зерттеудің ғылыми және эксперименттік базасын дамыту |
| | **3.4. Жоғары өнімділік есептеу технологиялары** |
| | 3.4.1.Бұлттық, параллельдік және үлестірілген есептеулер |
| | 3.4.2. Үлкен мәліметтер технологиялары |
| | 3.4.3.Геоақпараттық технологиялар және жүйелер |
| | 3.4.4.Есептеу жүйелерінің сәулеті және техникалық қамтамасыз етуді жобалау технологиялары: Бағдарламалық логикалық интегралдық сұлбасы, кристаллдағы жүйе және т.б. |
| | 3.4.5.Ақпараттық-іздестіру жүйелері |
| | **3.5. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау әдістері мен жүйелері** |
| | 3.5.1.Ақпараттық қауіпсіздіктің күрделі жүйелері мен деректерін қамтамасыз етудің әдістері мен алгоритмдері |
| | 3.5.2.Ақпаратты қорғаудың технологиялары және бағдарламалық-техникалық құралдары |
| **4. Агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақты дамуы және ауыл шаруашылығы өнімінің қауіпсіздігі** | 4.1. Мал шаруашылығының қарқынды дамуы |
| | 4.2.Ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету |
| | 4.3.Қарқынды егіншілік және Өсімдік шаруашылығы |
| | 4.4.Фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету |
| | 4.5.Ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізатын қайта өңдеу және сақтау |
| | 4.6.Агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуды техникалық қамтамасыз ету |
| | 4.7.Ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту |
| **5. Өмір және денсаулық туралы ғылымдар** | 5.1. **Ауыл шаруашылығындағы және қоршаған ортаны қорғаудағы Биотехнология:** |
| | 5.1.1. Маркер-өсімдіктер мен жануарлардың шаруашылық-құнды белгілерін жақсарту үшін жанама және геномдық селекция; |
| | 5.1.2.Өсімдіктер мен жануарларды мақсатты түрде жақсарту үшін сандық белгілердің жаңа гендері мен локустарын генетикалық және физикалық карталау; |
| | 5.1.3. Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің ауруларымен күресу үшін биоұбырларды және биологиялық препараттарды жасау биотехнология; |
| | 5.1.4. Вакциналар, био - және дәрілік препараттар мен жаңа буынның диагностикалық тест-жүйелерін құруға арналған молекулалық-генетикалық және жасушалық технологиялар; |
| | 5.1.5. Экологиялық бұзылған экожүйелерді қалпына келтіру, экожүйелердің биоәртүрлілігін сақтау және қалпына келтіру технологияларын әзірлеу; |
| | 5.1.6. Техногенді-бұзылған экожүйелерді қалпына келтіру, ағынды сулар мен топырақты өнеркәсіптік және агроөнеркәсіп ластануларынан тазарту үшін биотехнологиялар; |

| | |
|---|---|
| | 5.1.7. Шикізатты терең қайта өңдеудің инновациялық биотехнологиялары, биоалуантүрлілік материалдар алу, энергияның баламалы көздерін құру; |
| | 5.1.8. Биологиядағы, ауыл шаруашылығындағы және экологиядағы Ақпараттық технологиялар. |
| | **5.2. Медицинадағы биотехнология:** |
| | 5.2.1. Медицина үшін жасушалық технологиялар мен ткандік инженерияны дамыту; |
| | 5.2.2. Қолданбалы биологияны және дербестендірілген медицинаны дамытуға арналған молекулалық, геномдық, жасушалық және биоақпараттық технологиялар; |
| | 5.2.3. Аурулардың алдын алу және емдеуге арналған мультиомдық және молекулалық технологиялар; |
| | 5.2.4. Адам өмірін ұзарту, қартаю, ант - және постнаталды даму мәселелерін шешуге арналған жаңа технологиялар мен биологиялық белсенді субстанциялар; |
| | 5.2.5. Превентивті медицина үшін био - және дәрілік препараттарды алудың жаңа биотехнологиялары; |
| | 5.2.6. Қазақстан үшін қауіпті және өзекті жұқпалы аурулардың таралуы мен пайда болу механизмдерін зерттеу, оларды бақылаудың тиімді құралдарын дамыту, антибиотиктік-тұрақты микроорганизмдермен және дәріге төзімді вирустармен күрестің баламалы құралдарын өңдеу. |
| | **5.3. Отандық фармацевтика ғылымын және өнеркәсіптік биотехнологияны дамыту:** |
| | 5.3.1. Қазақстанның фарминдустриясын дамыту және импорт алмастыру үшін жаңа отандық, бірегей, дәрілік, диагностикалық және профилактикалық препараттар мен емдеу әдістерін құру; |
| | 5.3.2. Өсімдік, мал және минералды шикізаттан бағалы компоненттерді биотехнологиялық әдістермен алу технологиясы; |
| | 5.3.3. Ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі үшін биопрепараттардың штамм-продуценттерін, ақуыз ферменттерін және амин қышқылдарын алу технологиясы; |
| | 5.3.4. Микроорганизмдерді және/немесе ферменттерді, биологиялық белсенді субстанцияларды пайдалана отырып шикізатты терең өңдеу технологиялары. |
| **6. «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)** | **6.1. Іргелі, қолданбалы пәнаралық қоғамдық ғылымдар саласындағы зерттеулер:** |
| | 6.1.1. Өзекті экономикалық, институционалдық тұрақты даму және технологиялық жаңғырту проблемаларын шешу Экономика, Индустрия 4.0, кәсіпкерлік. |
| | 6.1.2. Әлеуметтік жаңғырту, демография саласындағы зерттеу, еңбек нарығы мен еңбек қатынастары |
| | 6.1.3. Әлеуметтану, саясаттану, құқық және институционалдық жаңғырту |
| | 6.1.4. Өзекті мәселелерді зерттеу-қазіргі заманғы халықаралық және өңірлік геосаяси қатынастар, геоэкономикалық процестер |
| | **6.2. XXI ғасырдағы пәнаралық білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы іргелі, қолданбалы зерттеулер** |
| | 6.2.1.Білім мен ғылымды жаңғырту саласындағы зерттеулер. Жаһандық әлемдегі мәдени мұра және Қазақстанның қазіргі мәдениеті. |
| | 6.2.2.Дене шынықтыру және спорт саласындағы зерттеулер. |
| | **6.3. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы,** |

| | |
|---|---|
| | **пәнаралық зерттеулер:** |
| | 6.3.1.Жаңа гуманитарлық білім. Гуманитарлық ғылымдар саласындағы синергетикалық зерттеулер. |
| | 6.3.2.Туған жер. Жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. |
| | 6.3.3.Қазақстанның рухани әулиелері. Қазақстанның киелі географиясы |
| | 6.3.4.Тарих және мәдениет, әдебиет және тіл ортақтығы, салт-дәстүрлер мен құндылықтарды жаңғырту жағдайындағы қоғам |
| | 6.3.5.Жеті қырлы Ұлы дала: мұра және тарихи қоғамның рухани жаңғыруы |
| | 6.3.6 Абайтану. Қазіргі қоғамдық-гуманитарлық білім жүйесіндегі Абайдың шығармашылық мұрасы |
| | 6.3.7 Фарабитану. |
| | 6.3.8 Алтын Ордада зерттеулер. |
| **7.Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс (құпия таңбасыз)** | **7.1.Іргелі ғылыми зерттеулер** |
| | 7.1.1.Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігінің жалпы теориясы |
| | 7.2.Қолданбалы ғылыми зерттеулер |
| | 7.2.1.Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету |
| | 7.2.2. Әскери қауіпсіздік және әскери өнер салаларындағы зерттеулер |
| | 7.3. Қорғаныс-өнеркәсіптік кешенін, қаруландыру және әскери техниканы, әскери-ғарыштық технологияларды дамыту |
| | 7.4.Ланкестік пен экстремизмге қарсы іс-қимыл, барлау және қарсы барлау қызметі |
| | 7.5.Құқық қорғау органдарының қызметтерін жалпылау |
| **8. Жаратылыстану ғылымы саласындағы ғылыми зерттеулер** | 8.1. Математика және механика саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер<br>8.2. Физика және астрономия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер<br>8.3. Химия саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер<br>8.4. Информатика саласындағы іргелі зерттеулер<br>8.5. Жануарлар, өсімдіктер және микроорганизмдер биологиясы саласындағы іргелі зерттеулер<br>8.6. Биомедицина саласындағы іргелі зерттеулер<br>8.7. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы іргелі зерттеулер<br>8.8.. Адамның популяциялық генетика саласындағы іргелі зерттеулер |

## 3. Ғылыми жетекшіге және зерттеу тобына қойылатын біліктілік талаптары, сондай-ақ өзге де біліктілік талаптары

1. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің аккредиттелген субъектілері, сондай-ақ дербес білім беру ұйымдары мен олардың ұйымдары тең шарттарда қатысуға құқылы.

2. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаның ғылыми жетекшісі (бұдан әрі - жоба жетекшісі) Қазақстан Республикасының резиденті болуға және мынадай ең төменгі біліктілік талаптарына сәйкес келуге тиіс:

- философия докторы (PhD), немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі, немесе ғылыми дәрежесі (ғылым докторы/кандидаты) бар болуы. Бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді.

- жоба жетекшісінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі тиіс.

3. Жоба жетекшісінде 2015-2020 жылдары зерттеу бағыты бойынша (жоба) келесі жарияланымдар болуы тиіс:

**3.1. Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, өмір туралы ғылым және медицина салалары үшін:**

***іргелі зерттеулер үшін:***

Web of Science деректер қорының алғашқы үш (Q1, Q2, Q3) квартилдеріне кіретін және (немесе) Scopus базасында Cite Score бойынша 50 (елу) кем емес процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және/немесе шолу, оның кемінде 1 (біреуі) – хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор ретінде.

***қолданбалы зерттеулер үшін:***

- Web of Science деректер қорының алғашқы төрт (Q1, Q2, Q3, Q4) квартильдеріне кіретін және (немесе) Scopus базасында cite Score бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және/немесе шолулар, олардың кемінде 1 (біреуі) – хат-хабарға арналған автор немесе бірінші автор ретінде., немесе жоғарыда көрсетілген ғылыми басылымдарда хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор ретінде кемінде 1 (бір) мақала және Derwent Innovation - (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына енгізілген кемінде 1 (бір) шетелдік немесе халықаралық патенттің болуы;

**3.2. қоғамдық және әлеуметтік ғылымдар салалары үшін:**

*іргелі және қолданбалы зерттеулер үшін:*

- Social Science Citation Index индекстелетін және(немесе) Scopus базасында cite Score бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және/немесе шолулар, олардың кемінде 1 (біреуі) – хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор ретінде.

**3.3. гуманитарлық және әскери ғылымдар салалары үшін:**

*іргелі және қолданбалы зерттеулер үшін:*

- Arts and Humanities Citation Index индекстелетін және(немесе) Scopus базасында cite Score бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентилі бар рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және/немесе шолу.

немесе:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (бұдан әрі – БҒСҚК) ғылыми зерттеулердің негізгі нәтижелерін жариялауға ұсынған журналдарда кемінде 10 (он) мақала, оның ішінде кемінде 3 (үш) – хат-хабар үшін бірінші автор немесе автор ретінде.

**3.4. ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары салалары үшін:**

- Web of Science деректер қорының алғашқы төрт (Q1, Q2, Q3, Q4) квартильдеріне кіретін және (немесе) Scopus базасындағы Cite Score бойынша кемінде 35 (отыз бес) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және/немесе шолулар, олардың кемінде 1 (біреуі) – хат-хабарға арналған автор немесе бірінші автор ретінде, немесе жоғарыда көрсетілген ғылыми басылымдарда хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор ретінде, немесе жоғарыда көрсетілген ғылыми басылымдарда хат-хабар үшін автор немесе бірінші автор ретінде кемінде 1 (бір) мақала және Derwent Innovation (Web of Science, Clarivate Analytics) дерекқорына енгізілген кемінде 1 (бір) шетелдік немесе халықаралық патенттің болуы;

**3.5. Мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар ғылыми және ғылыми-техникалық жобалардың жетекшілері үшін 3.1, 3.2, 3.3-талаптар қолданылмайды. Осы санаттағы жоба жетекшісінде 2015-2020 жылдардағы:**

- БҒСҚК ұсынған журналдарда кемінде 5 (бес) мақала, оның ішінде кемінде 2 (екі) - хат-хабар үшін бірінші автор немесе автор ретінде болуы тиіс.

3.6 Мақалалар немесе обзорлар ретінде Web of Science (оның ішінде – Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index) және Scopus базаларында индекстелген (қатысқан) және Article (мақала) немесе Review типтері бар базалардағы журналдардағы жарияланымдар ғана есептеледі. Квартильдік және процентиль

жарияланған жылы, 2018 немесе 2019 жылы ескеріледі. Scopus базасы үшін тек 2018 немесе 2019 жылғы CiteScore берген журналдардағы жарияланымдар ғана есепке алынады. Егер жарияланымда хат-хабар үшін бірнеше автор көрсетілсе, онда ол тізімде аты бірінші болып кімнің тегі тұрған авторға ғана есептеледі. Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index немесе Scopus базасында индекстелмейтін журналдардағы жоба жетекшілерінің мақалалары бөгде материалдарды пайдалану мәніне тексеруден өтеді. Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index индексацияланбайтын журналдағы немесе Scopus базасындағы жарияланым, Егер веб-беттің мекенжайы Интернет желісінде орналасқан журналдың түпнұсқа сайтындағы немесе оның Digital Object Identifier (DOI) мекен-жайы келтірілген жағдайда ғана ескеріледі.

4. Жобаның зерттеу тобы мүшелерінің (бұдан әрі – топ мүшесі) жалпы саны, жоба жетекшісін қоса алғанда – 10 (он) адамнан аспайды, оның ішінде 3 (үш) адамға дейін Қосалқы персонал. Топтың барлық мүшелерінің жоғары білімі болуы тиіс. Бұл ретте шетелде алынған дипломдардың баламалылығын тану рәсімінен өту талап етілмейді.

4.1. Топ құрамына Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын өндірістен шыққан инженерлердің 30 (отыз) % - дан (ғылыми жетекшіні қоспағанда, зерттеу тобы мүшелерінің жалпы санынан) аспайтын, және (немесе) ғылыми және ғылыми-техникалық жобалардың жетекшілерін қоспағанда, мемлекеттік құпияларды құрайтын және қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтер қамтылған шетелдік шетелдік ғалымдар тартылуы мүмкін.

5. Зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 25 (жиырма бес) % - ы 40 (қырық) жасқа дейінгі мамандар және/немесе ғалымдар қатарынан болуы тиіс.

6. Жеке тұлға қатысуға құқылы:

- ғылыми жетекші ретінде – 1 (бір) жобадан артық емес, сондай-ақ топ мүшесі ретінде- 1 (бір) жобадан артық емес.

– ғылыми жетекші болып табылмайтын топ мүшесі ретінде-2 (екі) жобадан артық емес.

Осы конкурсқа ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландырудың басқа конкурсына ғылыми жетекші ретінде жоба берген жеке тұлғалар ғылыми жетекші ретінде қатыса алмайды, (Ұлттық ғылыми кеңестердің (бұдан әрі - ҰҒК) немесе «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ (бұдан әрі - Орталық) мақұлдамау немесе қабылдамау туралы шешімдері бар жобалардан басқа).

Осы конкурстық құжаттаманың 6-тармағының 3-бөлімінің талаптарына асып кететін және басқа өтінімдерден кеш келіп түскен барлық өтінімдер қайтарылады.

## 4. Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар

1. 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі ілеспе хат;

2. Заңды тұлғаның (заңды тұлғалар үшін) мемлекеттік тіркеу туралы анықтама көшірмесі немесе жеке куәлігі (жеке тұлғалар үшін);

3. Өтінім берушінің аккредитация туралы куәлігінің көшірмесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі;

4. 2-қосымшаға сәйкес, жобаның қысқаша сипаттамасы мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде;

5. Биоэтика мәселелері жөніндегі жергілікті және (немесе) Орталық комиссияның оң қорытындысы) (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер жүргізу үшін);

6. Жекеше әріптес тарапынан үлес туралы келісім (ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын қоспағанда, жобаны қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ету туралы), іргелі зерттеулер бойынша мүмкіндігінше, қолданбалы зерттеулер бойынша жобаны іске асырудың барлық кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1% - ы міндетті түрде.

7. 3-қосымшаға сәйкес жоба бойынша ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы туралы өтініш.

8. Халықаралық коллаборациясы бар жобалар үшін жобаның атауын және Қазақстан Республикасы Резиденті - ғылыми жетекшісі туралы ақпаратты, бірлескен жұмыстардың жалпы мақсатын, жұмыстарды орындау мерзімі бар коллаборация процесінің қысқаша сипаттамасын, барлық тараптарды қаржыландыру және олардың көздері туралы ақпаратты қамтитын коллаборация туралы келісімнің болуы қажет. Коллаборация туралы келісімге жобаның ғылыми жетекшісі – Қазақстан Республикасы Резиденті және оған қатысатын барлық шетелдік ғылыми топтардың өкілдері олардың электрондық мекен-жайларын көрсете отырып (ғылыми ұйымның ресми доменінен) қол қоюға тиіс. Халықаралық коллаборациясы бар жобалар деп әр түрлі елдердің ғылыми топтарының жалпы мақсатқа қол жеткізуіне бағытталған жобалар түсініледі.

## 5. Ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтінім формасына және мазмұнына қойылатын талаптар, көлемі және бірлесіп қаржыландыру шарттары

1. Конкурсқа қатысуға өтінім мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 2-қосымшаға сәйкес жасалады. 3 (үш) тілдегі өтінім мәтінінің мазмұны бірдей болуы тиіс. Әр тілде жасалған мәтіннің айырмашылығы болған жағдайда, мемлекеттік тілде дайындалған мәтін басым күшке ие болады.

2. Өтінім жобаны іске асыру мерзімі 27 ай ақпаратты қамтуы тиіс.

3. Халықаралық коллаборациясы бар жобаны іске асыру үшін қажетті сұралатын қаржыландыру сомасы - 2020 жылға 20 млн.теңгеден аспайды, 2021 жылға 22 млн. теңгеден аспайды, 2022 жылға 28 млн. теңгеден аспайды, оның ішінде жабдықтар сатып алуға.

Халықаралық коллаборациясыз жобаны іске асыру үшін қажетті сұралатын қаржыландыру сомасы - 2020 жылға 16,9 млн.теңгеден аспайды, 2021 жылға 19,7 млн. теңгеден аспайды, 2022 жылға 25 млн. теңгеден аспайды, оның ішінде жабдықтар сатып алуға.

Зерттеулердің күтілетін нәтижелері сұралып отырған қаржыландыру көлеміне сәйкес болуы тиіс.

4. Ғылыми жетекшіні қоса алғанда, зерттеу тобының барлық мүшелерінің жалпы жалақы қоры (еңбекақы төлеу, оның ішінде азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша) жобаны іске асырудың барлық кезеңі үшін сұралатын қаржыландырудың жалпы көлемінің 65 (алпыс бес) % - ынан аспауы тиіс (салық және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеуді қоса алғанда).

5. Барлық кезең ішінде жобаны іске асыру үшін қажетті жабдық және (немесе) бағдарламалық қамтамасыз ету жобаны іске асырудың бірінші жылында сатып алынуы мүмкін.

6. Басқа ұйымдардың (үшінші тұлғалардың) қызметтеріне арналған шығыстар жобаны іске асырудың барлық кезеңінде сұралатын қаржыландырудың жалпы көлемінің жиынтығында 20 (жиырма) % - ынан аспауы тиіс.

7. Қолданбалы зерттеулер бойынша грант алуға үміткер қатысушы ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету, атом энергиясын пайдалану, қоғамдық, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласындағы қолданбалы зерттеулер жобаларын қоспағанда, жобаны іске асырудың барлық кезеңіне өтінімнің жалпы сомасының кемінде 1% - ын қажетті ресурстармен, оның ішінде қаржылық ресурстармен ішінара қамтамасыз ете отырып, жекеше әріптестің қатысуын қамтамасыз етеді *(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидаларының 29-тармағы).*

Тараптардың ниетін растау оларды іске асыру мерзімдері мен салым сомасын немесе қажетті ресурстарды көрсете отырып, еркін нысандағы салым туралы келісім болып табылады.

Жеке әріптес жобаны іске асыру барысында салым ниетінен бас тартқан не тең мәнді ауыстыру болмаған жағдайда ҰҒК шешімі бойынша жобаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

Ғылыми топ және (немесе) грант алушы халықаралық коллаборация жобасынан шыққан жағдайда, ҰҒК шешімі бойынша жобаны қаржыландыру тоқтатылуы мүмкін.

8. Коммерциялық құпияны құрайтын мәліметтер міндетті түрде «коммерциялық құпия»деген белгімен ұсынылады.

9. Өтінімдер ғылыми этика мен академиялық адалдықтың принциптері мен нормаларына сәйкес келуі тиіс.

## 6. Конкурсқа өтінім беру үдерісі

1. Өтініш беруші конкурсқа өтінімді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетіне жоба жетекшісі мен өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық түрде Орталықтың www.is.ncste.kz ақпараттық жүйесі арқылы ұсынады. Жоба жетекшісінің профилінде Орталықтың ақпараттық жүйесінде автордың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, егер бар болса) көрсетілуі және барлық қажетті ақпаратпен (DOI немесе URL) осы конкурстық құжаттаманың 3-бөлімінің 3-тармағында талап етілетін барлық жарияланымдардың тізімі көрсетілуі тиіс. Қосымшаларда мөрдің орны бар нұсқауға – мөр міндетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 тамыздағы № 891 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасының 2-тармағының 12) тармақшасына сәйкес Орталықтың ақпараттық жүйесінен жеке тіркеу нөмірін (әрі қарай – ЖТН) алады.

2. «Құпия» белгісі бар өтінімдер ҚР Білім және ғылым министрлігіне (Ғылым комитеті үшін) «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, арнайы пошта арқылы беріледі. Қызмет бабында пайдалану үшін мәліметтері бар жобалар бойынша өтінімдер заңнамада белгіленген тәртіппен Ғылым комитетіне беріледі.

3. Қабылданбайтын өтінімдер және өтініш берушіге келесі талаптар бойынша қайтарылады:

1) гранттық қаржыландыруға ұсынылған жобаның ШЖК болмауы;

2) өтінімді ресімдеудің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;

3) конкурстық құжаттаманың қосымшаларына сәйкес талап етілетін құжаттарды толық көлемде ұсынбау;

4) бұрын немесе бір мезгілде берілген МҒТС объектілерімен заңсыз қарыз алу (плагиат), МҒТС объектісінің тақырыбын немесе мазмұнын қайталау фактілерінің болуы

5) гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысушыда ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісін аккредиттеу туралы куәліктің болмауы;

6) этика және биоэтика мәселелері жөніндегі орталық немесе жергілікті комиссиялардың оң қорытындысының болмауы (адамдар мен жануарларға биомедициналық зерттеулер үшін);

7) ғылыми жетекшінің конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес келмеуі;

8) халықаралық коллаборациясы бар жобаларды гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысушыда осы конкурстық құжаттаманың 4-бөлімі 8-тармағының талаптарына сәйкес келетін коллаборация туралы келісімнің болмауы.

9) 3-бөлімнің 6-тармағында көрсетілген берілетін өтінімдер санының артуы.

## 7. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

***Ғылыми нәтижелер***

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асырудың қорытындылары бойынша жобаны іске асырудың барлық кезеңінде мынадай ең аз нәтижелер алынуға тиіс:

Жариялануы тиіс (міндетті түрде мақалалар және/немесе шолулар/патенттер авторларының кемінде 50% - ы зерттеу тобының мүшелері болуы тиіс, Web of Science және Scopus халықаралық базаларындағы процентиль мен квартильдің мәні жарияланған жылы немесе есепті қарау кезінде көрсетіледі):

***Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, өмір туралы ғылым және медицина салалары үшін:***

*Іргелі зерттеулер үшін:*

– 1 (бірінші), 2 (екінші) не 3 (үшінші) квартильге кіретін және (немесе) Scopus базасында Cite Score бойынша 50 (елу) квартильден кем емес процентильге ие жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда 3 (үш) мақаладан және/немесе шолулардан кем емес);

- 1 (бірінші) не 2 (екінші) квартильге кіретін рецензияланатын ғылыми басылымдарда және/немесе шолу және (немесе) cite Score бойынша Scopus базасында кемінде 65 (алпыс бес) процентилі бар кемінде 2 (екі) мақала;

- немесе Journal Citation Reports базасындағы 90 (тоқсан) кем емес процентиль немесе Scopus базасындағы Cite Score бойынша 95 (тоқсан бес) кем емес процентиль бар жобаның ғылыми бағыты бойынша рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және/немесе шолу);

– сондай-ақ рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда нөлдік емес импакт-факторы бар (БҒСҚК ұсынған) кемінде 1 (бір) мақала.

*қолданбалы зерттеулер үшін:*

– 1 (бірінші), 2 (екінші) не 3 (үшінші) квартильдерге кіретін және (немесе) Scopus базасында Cite Score бойынша 50 (елу) тоқсаннан кем емес процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала және/немесе шолулар);

- 1 (бірінші), 2 (екінші) не 3 (үшінші) квартильдерге кіретін және (немесе) Scopus базасында cite Score бойынша кемінде 50 (елу) процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және/немесе шолу және Derwent Innovation – ClarivateAnalytics дерекқорында кемінде 1 (бір) шетелдік немесе халықаралық патент;

– сондай-ақ рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда нөлдік емес импакт-факторы бар (БҒСҚК ұсынған) кемінде 1 (бір) мақала не өнертабысқа кемінде 1 (бір) патент;

- қол жеткізілген экономикалық әсерді, жүргізілген жұмысты ашып көрсету арқылы енгізу тетігін, не енгізу бойынша ұсыныстарды, не коммерцияландыру жобасына берілген өтінімді көрсете отырып, енгізу актісінің болуы (мүмкіндігінше).

***Ауыл шаруашылығы және ветеринария ғылымдары салалары үшін:***

- 1 (бірінші), 2 (екінші) не 3 (үшінші) тоқсанға кіретін және (немесе) Scopus базасында cite Score бойынша 50 (елу) кем емес процентильге ие рецензияланатын ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және/немесе шолу, немесе Derwent Innovation – ClarivateAnalytics дерекқорында кемінде 1 (бір) шетелдік немесе халықаралық патент;

– сондай-ақ рецензияланатын шетелдік және (немесе) отандық басылымда нөлдік емес импакт-факторы бар (БҒСБҚК ұсынған) кемінде 2 (екі) мақала немесе көрсетілген басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала және 1 (бір) қорғау құжаты;

- қол жеткізілген экономикалық әсерді, жүргізілген жұмысты ашып көрсету арқылы енгізу тетігін, не енгізу бойынша ұсыныстарды, не коммерцияландыру жобасына берілген өтінімді көрсете отырып, енгізу актісінің болуы.

***Қоғамдық, әлеуметтік, гуманитарлық және әскери ғылымдар салалары үшін:***

- 1 (бірінші) не 2 (екінші) не 3 (үшінші) квартильдерге кіретін, Web of Science халықаралық деректер базасымен индекстелетін рецензияланатын ғылыми басылымда және (немесе) Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index базасына кіретін және (немесе) Scopus базасында cite Score бойынша процентиль бар кемінде 35 (отыз бес) кемінде 1 (бір) мақала және/немесе шолу;

– рецензияланатын шетелдік және (немесе) (БҒСҚК ұсынған) отандық басылымдарда нөлдік емес импакт-факторы бар кемінде 3 (үш) мақала және/немесе шолу.

*Мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтері бар ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар бойынша және қызмет бабында пайдалану үшін:*

- рецензияланатын ғылыми журналдарда, соның ішінде БҒСҚК ұсынған журналдарда кемінде 5 (бес) мақала және (немесе) шолу.

2. Бір мақала және / немесе шолу, оның ішінде патент алынған грантқа сілтемесінде (қаржыландыру туралы мәтінде), ЖТН басқа да отандық жобалар арасында бірінші болып тұрған гранттық қаржыландыру шеңберіндегі бір жоба үшін ғана есептеледі.

3. Ғылыми жұмысты, зерттеу нәтижелерін (мақалалар, шолулар, қорғау құжаттары, оның ішінде патенттер, монографиялар, конференциялар, форумдар мен симпозиумдар материалдары, оқу құралдары және т.б.) жариялау кезінде, авторлар жобаның ШЖК және қаржыландыру көзі (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті) көрсетіле отырып, алынған грантқа міндетті түрде сілтеме жасауы тиіс. *Ағылшын тіліндегі басылымдарда қаржыландыру туралы мәтін мынадай болуы тиіс: «This research has been/was/is funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant AP00000000)», AP00000000 – жобаның ЖТН.*

4. Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер бойынша нәтижелер қорғау құжаты немесе дайын ғылыми-техникалық өнім (жаңа технологиялар, ғылыми-техникалық, тәжірибелік-конструкторлық және тәжірибелік-өнеркәсіптік әзірлемелер, географиялық, геологиялық және басқа карталар, жаңа материалдар, препараттар, құралдар және т.б.) түрінде де ұсынылуы мүмкін.

5. ЖТН жариялау құқығы, мақұлданған жобаның және өтініш берушінің атауы, жоба жетекшісінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), өтінімнің аннотациясы, күтілетін нәтижелер және жобаны іске асырудың әрбір жылы үшін алынған нәтижелердің аннотациясы (баспа және (немесе) электрондық нысанда) өтініш берушінің және (немесе) жоба жетекшісінің келісімі талап етілмей Орталыққа беріледі.

Нәтижелер туралы ақпаратты тарату, оларды енгізу және коммерцияландыру ықтималдығын арттыру үшін әрбір жоба үшін ұйымның немесе зертхананың сайтында (не жеке сайт) веб-бет құрылуы тиіс, онда жоба туралы қысқаша ақпарат көрсетілуі тиіс: өзектілігі, мақсаты, күтілетін нәтижелері және алынған нәтижелері зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні және олардың сәйкестендіргіштері (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, егер бар болса) және тиісті бейіндерге сілтемелері, жарияланымдар тізімі (оларға сілтемелері бар) мен патенттер; әлеуетті пайдаланушыларға арналған ақпарат. Веб-беттегі (немесе сайтта) ақпарат үнемі жаңартылуы тиіс (жылына кемінде 1 рет).

6. Жоба шеңберінде алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері заңнамада белгіленген тәртіппен Орталықта міндетті түрде мемлекеттік есепке алуға жатады.

7. Қол жеткізілген нәтижелерді қоса алғанда, жобалар бойынша барлық есептер қарыз алуды анықтаудың лицензиялық жүйесінде (платформасында) тексерілуге тиіс. Жүргізілген тексеру туралы мәліметтер есептерде көрсетілуі тиіс.

## 8. Жобаны қаржыландыру

1. Қаржыландыруға мақұлданған жобаларды іске асыру Қазақстан Республикасында жүзеге асырылуы тиіс.

2. Гранттық қаржыландыру қаражатын жобаның ғылыми жетекшісі бөледі.

3. Гранттық қаржыландыру қаржысы күтілетін өтінімдегі нәтижелерге, міндеттерге, мақсаттарға жету үшін Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген және 2011 жылғы 25 мамырдағы № 575 Қаулысымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық

қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасына сәйкес, конкурсқа дайындалған жобаларды ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық гранттық қаржыландыру өтінімінде көрсетілген ғылыми зерттеулерді жүргізуге тікелей байланысты шығындар түрлеріне бағытталуы тиіс.

4. Гранттық қаржыландыру қаржысы тиіссіз және орынсыз пайдаланылса, өтінім беруші мен жоба жетекшісі Қазақстан Республикасы заңдарымен бекітілген жауапкершілікке тартылады.

5. Жобаларды орындаушы ұйымға гранттық қаржыландырудан қаржы ұстауға рұқсат етілмейді.

6. Гранттық қаржыландыруға арналған конкурс жеңімпаздарымен ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асыруға арналған шарт 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады, оған заңнамада белгіленген тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Шартта көрсетілген ғылыми, ғылыми-техникалық жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес келуі және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру қорытындылары бойынша күтілетін нәтижелерге осы конкурстық құжаттаманың 7-бөлімі 1-тармағының талаптарынан төмен болмауы тиіс.

7. Өтінім беруші жоба бойынша есеп пен есептілікті бекітілген заң тәртібімен жүргізеді.

8. Конкурстық құжаттаманың 7-бөлімінің 1-тармағында көрсетілген жоба нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, ғылыми жетекші ғылыми Комитет жариялайтын келесі конкурстарға қатысудан нәтижелер қол жеткізгенге дейін шеттетіледі (нәтижелерге қол жеткізілгені туралы Ғылым комитеті мен Орталық хабардар етіледі), бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге. Ғылыми этиканы бұзу (плагиат және жалған авторлық, қайталану, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді фабрикациялау және бұрмалау және т.б.) не жоба бойынша аралық немесе қорытынды есепті ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда, жетекші ғылым комитеті жариялайтын келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

Конкурстық құжаттамаға
***1-қосымша***
«___ » _________ 20__ ж.

Ұйым жетекшісінің қолы қойылған (тұлғалар үшін) ұйымның тіркелім нөмірі бар хатының бланкісіне немесе өтінім берушінің, жоба жетекшісінің қолы қойылған хатының бланкісіне (жеке тұлғалар үшін)

**ІЛЕСПЕ ХАТ**

**1**. Конкурс атауы.
**2.** Конкурс нысаны болып табылатын ғылым дамуының басым бағыттары және мамандандырылған ғылыми бағыттарының атауы.
**3.** Жоба тақырыбының атауы (3 тілде).
**4**. ҒТА мемлекетаралық рубрикатор коды (ҒТАМР) (хх.хх.хх; хх.хх.хх;…)*
**5.** Зеттеу түрі (іргелі/қолданбалы зерттеулер).
**6.** Сұралатын қаржыландыру сомасы (жалпы жобаны жүзеге асыру барлық мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңгемен).
**7.** Жобаның басталу және аяқталуы туралы болжанған мерзімі.
**8.** Жобаны жүзеге асыру мерзімі (аймен көрсету).
**9.** Өтінімде клиникаға дейінгі зерттеулер, әдістемелік-биологиялық тәжірибе және клиникалық сынақ туралы мәліметтер бар болса (адамдар мен жануарлардың қатысуымен зерттеу қарастырыла ма). *
**10.** Өтініш беруші туралы дербес мәліметтер:
Жеке тұлғалар үшін – тегі, аты, әкесінің аты, мекен-жайы, ЖСН (ИИН), байланыс телефондары (мобильді телефон, e-mail).
Заңды тұлғалар үшін – заңды тұлғаның толық атауы, заңды мекен-жайы, БСН (БИН), байланыс телефондары (телефон, e-mail).
**11.** Жобаның ғылыми жетекшісі туралы дербес мәліметтер (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, мекен-жайы, ЖСН, байланыс телефондары (телефон, e-mail) және ол қатысатын жобалар туралы мәліметтер.

Ұйым жетекшісінің аты-жөні _______________(қолы)

Жеке тұлға атынан өтінім беру
барысындағы өтінім берушінің аты-жөні ________________________________ (қолы)

Ескерту.
* 4-тармақ *http://grnti.ru/* сәйкес толтырылады
** 10-тармақ медицина және ветеринария саласындағы медициналық-биологиялық және басқа препараттар мен құралдарды құру саласындағы зерттеулермен байланысты болса ғана толтырылады

*2020 жылғы «   » сәуірдегі*
*Конкурстық құжаттамаға*
**2-қосымша**

Нысан

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурсқа қатысуға өтінім**

**Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға өтінім**

Өтінім мынадай бөлімдерден тұрады:

1) аннотация;

2) түсіндірме жазба;

3) сұралатын қаржыландырудың есеп-қисабы

**1. Аннотация**

Аннотацияда жоба мақсатының, зерттеу бағытталған проблемалардың, зерттеу жүргізудің негізгі тәсілдерінің, күтілетін нәтижелердің қысқаша сипаты қамтылады.

Аннотация көлемі А4 форматындағы 2 (екі) парақтан аспауға тиіс.

**2. Түсіндірме жазба**

Түсіндірме жазба мазмұны мынадай бөлімдерді қамтиды (бұл ретте өтінім нысанында сілтеме жасалған кестелер, схемалар, диаграммалар түсіндірме жазбаға қосымшаға шығарылады және тиісті бөлімдердегі сөздер саны мен өтінімнің жалпы бет санын есептегенде есепке алынбайды):

1. Жалпы ақпарат

1.1 Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес].

1.2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.

1.3. Өтінім берілетін мамандандырылған ғылыми бағыттың атауы, зерттеудің түрі.

1.4. Жобаның басталатын және аяқталатын болжамды күні, оның айлармен көрсетілген ұзақтығы.

1.5. Гранттық қаржыландырудың сұралатын сомасы (жобаның бүкіл іске асырылу мерзіміне және жылдар бойынша, мың теңге).

1.6. Сарапшыларды іріктеу үшін өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.

**2. Жобаның жалпы тұжырымдамасы [550 сөзден артық емес]**

2.1. Кіріспе бөлім [100 сөзден артық емес].

Жоба идеясының, шешу көзделетін проблеманың қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

2.2 Жоба мақсаты [50 сөзден артық емес]

Жоба мақсаты қысқа әрі нұсқа баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қолжетімді болуға, жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.

2.3. Жоба міндеттері [400 сөзден артық емес]

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады. Алға қойылған міндеттер тізбесі беріледі:

1) міндеттер шешімдерінің өлшенетін көрсеткіштері;

2) әр міндеттің жоба мақсатына қол жеткізудегі рөлінің және басқа міндеттер мен жобадан күтілетін нәтижелермен өзара байланысының қысқаша негіздемесі;

3) өтінім берушінің ойынша маңызды деп танылған өзге де параметрлер.

**3. Жобаның ғылыми жаңалығы және маңызы [1500 сөзден артық емес]**

Бөлімде мынадай ақпарат қамтылуға тиіс:

1) жобаны әзірлеудің алғышарттары, (бар болса, алдын ала нәтижелер және (немесе) жоба тақырыбына қатысты өтінім беруші бұрын алған нәтижелер көрсетіледі);

2) зерттелетін тақырыпқа жататын, мұның алдында әлемде және Қазақстан Республикасында жүргізілген ғылыми зерттеулерге, білімнің қазіргі жеткіліксіздігіне міндетті шолу жасай отырып, жобаның ғылыми жаңалығының негіздемесі және олардың осы жобамен өзара байланысы (мәнмәтінде шолуда пайдаланылған әдебиетке сілтемелер көрсетілуі тиіс, оның толық жазылуы "Библиография" атты 8-бөлімде ұсынылуы тиіс), жобаның күтілетін нәтижелерін белгілі аналогтармен салыстыру;

3) жоба нәтижелерінің маңыздылығын негіздейтін ғылыми және технологиялық мұқтаждар (бар болса, әлеуметтік сұранысты және (немесе) экономикалық және индустриялық мүдделілікті, басқа да растайтын деректерді енгізу), жобаның ұлттық және халықаралық ауқымдағы маңыздылығы, оның нәтижелерінің экономиканың, ғылымның және (немесе) қоғамдық қатынастардың тиісті саласын дамыту үшін қолданылуы;

4) жобаның ғылыми-зерттеу жұмыстарының, ғылыми-техникалық әлеуеттің деңгейіне, ғылыми ұйымдар мен олардың ұжымдарының бәсекеге қабілеттілігіне әсері, жобаның нәтижесінен күтілетін әлеуметтік және экономикалық әсер, күтілетін әсерге қол жеткізу үшін қажетті шарттар.

Осы бөлімді сипаттау кезінде мынадай позициялардың сипаттамасына назар аудару қажет:

1) жоба идеясының қазіргі аналогтардан қағидаттық сипаттағы айырмашылықтары. Егер зерттеу идеясы немесе нәтижесі әлемде және (немесе) Қазақстанда бар болса, онда жобаның артықшылығы неде және ол неге қаржыландырылуы тиіс екенін негіздеу қажет;

2) егер жобаның соңғы нәтижесі өнім болса, онда жоба шеңберінде ұсынылатын өніммен салыстыра отырып, жобаның пәндік саласындағы техниканың қазіргі уақытта қалыптасқан деңгейін сипаттау қажет;

3) егер жоба өтініш беруші бұрын жүргізген ғылыми зерттеулердің жалғасы болып табылса, онда жобаның бұрын жүргізілген ғылыми зерттеулермен өзара байланысын және оның олардан айырмашылығын қысқа да нұсқа баяндау қажет.

**4. Зерттеу әдістері және этикалық мәселелер [1500 сөзден артық емес]**

Бөлім мынадай ақпаратты қамтиды:

1) жобаның негізгі ғылыми мәселелері мен гипотезаларын сипаттау, зерттеу стратегиясы мен тәсілдерін негіздеу, жобада қолданылатын зерттеу типтері (сипаттама, корреляциялық және/немесе эксперименттік), зерттеу жүргізудің дәйектілігі;

2) ең маңызды эксперименттердің қысқаша сипаттамасы;

3) қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдерін негіздеу ретінде жобада пайдаланылатын зерттеу әдістерін сипаттау, олардың жобаның мақсатымен және міндеттерімен өзара байланысы;

4) алғашқы (бастапқы) ақпаратты жинау әдістері, оның дереккөздері және жобаның міндеттерін шешу үшін қолдану, деректерді өңдеу тәсілдері, сондай-ақ олардың шынайылығы мен жаңғыртылуын қамтамасыз ету;

5) зерттеу нәтижелеріне зияткерлік меншік құқықтарын рәсімдеу және бөлу шарттары (зияткерлік меншікті қорғаудың қандай тәсілі таңдалатынын көрсету, таңдауды негіздеу қажет).

**5. Зерттеу тобы және жобаны басқару [1500 сөзден артық емес]**

Бөлімде жоспарланатын штаттың (негізгі персоналдың) кемінде 70 % (жетпіс пайыз) деректері көрсетіліп, зерттеу тобының сипаттамасы қамтылады. Негізгі персоналды сипаттау кезінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) 1-кестеге сәйкес зерттеу тобының құрамы. Жобаға жартылай жүктememен қатысатын зерттеу тобының мүшелері үшін олардың жоба бойынша жұмысқа жұмсайтын сағаттарының саны көрсетіледі;

2) жобаның бағытына сәйкес келетін бағыттағы қысқаша түйіндемесін, негізгі ғылыми жарияланымдары мен жетістіктерін және жобаның мақсатына, міндеттері мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлін көрсете отырып, шетелдік ғалымдардың жобаға қатысуы;

3) жобаны іске асырудағы рөлі, сондай-ақ орындалатын жұмыстың сипаты көрсетілген жас ғалымдардың (постдокторанттар, докторанттар, магистранттар) жобаға қатысуы. Сонымен қатар жобаға өндірістен инженерлер қатыса алады;

4) шетелдік ғалымдарды қоса алғанда, зерттеу тобының құрамына әрбір мүшенің қатысуын негіздеу. Білімі, дәрежесі/ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, жоба бағыты бойынша жұмыс тәжірибесі, Хирш индексі және тиісті ғылыми өлшемді базадағы (бар болса) бейінге сілтемелер, жобаға қатысуды негіздейтін негізгі жетістіктері көрсетілген әрбір мүшенің қысқаша түйіндемесі. Әрбір мүшенің жобадағы жұмысының бағыты мен сипаты, олардың жобаның мақсаты мен күтілетін нәтижелеріне қол жеткізудегі рөлі;

5) зерттеу тобы мүшелерінің дайындама сипаттамасы. Негізгі жарияланымдар туралы (бар болса – тиісті деректер базасындағы жарияланымға және/немесе Digital Object Identifier DOI сілтемені көрсету) және қолда бар патенттер, авторлық куәліктер және жобаның тақырыбына қатысты ғылыми жетекшінің және зерттеу тобы мүшелерінің басқа да қорғау құжаттары туралы мәліметтер. Мәлімделген зерттеу, олардың бұрын жүргізген зерттеулерімен қалай байланысты екенін көрсету.

Жобаның ғылыми жетекшісі үшін оның конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін растайтын барлық жарияланымдары, оның ішінде дәйексөз алу индексі, басылымның квартилі (процентилі) және тиісті ғылыми метрикалық базалардағы (DOI) жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтеме жасалған болуы тиіс.

Зерттеу тобының негізгі персоналының жоба бағыты бойынша жарияланымдары туралы (зерттеу тобы мүшелерінің кемінде 10 жарияланымы), дәйексөз алу индексі және тиісті ғылыми-метрикалық базалардағы жарияланымдар туралы мәліметтерге сілтемелері бар мәліметтер келтірілуі тиіс. Зерттеу тобы мүшелері тегінің асты сызылып көрсетілуі тиіс.

